

**Жекелеген жекешелендірілген кәсіпорындардың берешектерін реттеу жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 29 сәуір N 393. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2000.04.13. N 568 қаулысымен. ~ P000568

Жекелеген жекешелендірілген кәсіпорындардың берешектерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жекелеген жекешелендірілген кәсіпорындардың дебиторлық және кредиторлық берешектерін реттеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін мына құрамда комиссия құрылсын:

О.С.Ержанов - Қазақстан Республикасының  
Қаржы вице-министрі, төраға

Е.К.Утепов - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Мемлекеттік  
мүлік және жекешелендіру  
департаменті директорының  
бірінші орынбасары,  
төрағаның орынбасары

Н.Б.Мұқтаров - "Кәсіпорындарды қайта  
ұйымдастыру және тарату  
жөніндегі агенттік"  
акционерлік қоғамының  
президенті, төрағаның  
орынбасары

А.Қ.Дауылбаев - Қазақстан Республикасының  
Әділет вице-министрі

М.А.Мұртазаев - Қазақстан Республикасының

Энергетика, индустрия және  
сауда вице-министрі

- Д.Р.Әбілғазин - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Бюджет  
департаментінің директоры
- Ғ.И.Қанатбеков - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Заң  
қызметі департаментінің  
директоры
- К.Д.Дүкенбаев - "KEGOK" акционерлік  
қоғамының бірінші  
вице-президенті (келісім  
бойынша)
- Х.К.Махашов - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Салық  
комитеті төрағасының  
орынбасары
- Б.Қ.Серкебаев - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Салық  
полициясы департаменті  
директорының орынбасары

2. "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Агенттік) қосымшаға сәйкес жекелеген кәсіпорындардың дебиторлық және кредиторлық берешектерінің көлемдерін айқындау үшін аудиторлық және консалтингтік фирмаларды тартуға уәкілеттік берілсін.

3. Агенттікке заңдарда белгіленген тәртіппен қосымшаға сәйкес кәсіпорындардың борыштық міндеттемелерін сатуды ұйымдастыру және әрбір шаруашылық жүргізуші субъекті кредиторларының комитеттерін құру тапсырылсын.

4.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.06.18. N 558  
қаулысымен.

P980558\_

5. Комиссия 1999 жылдың 1 қаңтарына мүліктік кешендер ретінде жекешелендірілген жекелеген кәсіпорындардың дебиторлық және кредиторлық берешектеріне байланысты мәселелерді реттеу жөніндегі жұмысты аяқтасын.

6. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 29 сәуірдегі  
N 393 қаулысына  
қосымша

Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген  
кәсіпорындардың тізбесі

- "Қарағанды металлургия комбинаты" МАҚ
- "Балқашмыс" АҚ
- "Екібастұзкөмір" МАҚ
- "Қарағандышахтакөмір" РМК
- "Екібастұз ГРЭС-1" МК
- "Қарағанды ГРЭС-2" МК
- "Жезқазған ОЭО" МК
- "Алматыэнерго" ЭЭӨБ
- "Қазфосфор" АҚ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК